

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:  
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»  
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА  
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS  
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM  
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:  
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT  
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)  
Қ18

#### Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

#### Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

#### Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

*Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.*

**«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы»** XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-337-588-5**

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)

**ISBN 978-601-337-588-5**

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

кезінде, қазақ мысын балқыту кенеттен өсті, өйткені сол кезеңде осы металлға сұраныс өте жоғары болды.

XIX ғасырдың 80-ші жылдары қазақстан аумағындағы мыс өнеркәсіп орындары, қара мысты қорыту бойынша ресейде Орал мен Кавказдан кейін үшінші орынды иеленді.

Сонымен қатар, тау-кен өнеркәсібінің дамуымен және мұнай өнімдерін өңдеумен бірге, XIX-ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында сауданың үш ішкі-сыртқы түрі дамыды: жүрмелі-айырбас, жәрмеңкелелік-мерзімді және стационарлық. Сауданың бұл түрлері Қазақстан үшін ғана емес сондай ақ Ресей үшін де тиімді болды, сонымен қатар ортаазиялық хандықтарға да; әсіресе соңғыларын сауданың жәрмеңкелік түрі қызықтырды. Сауданың жәрмеңке түрінің маңызы (1912 жылы Қазақстанда 260 қа жуық жәрмеңке есепке алынды) тек ақша рөлінің күшеюіне ғана емес, тауар қатынасының өсуіне алып келді, бірақ оның басты маңыздылығы, жекелеген бүкілресей базарымен және ортаазиялық мемлекеттермен экономикалық және ішкісауда байланыстарын нығайту болды [4, 133 б.].

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:**

1. Қасымбаев Ж.К. XIX ғасырмен – XX ғасырдың басындағы Қазақстан-Қытай: Керуен саудасы. - Алматы. Өлке, 1996, 40 б.
2. По инф. ТК МГД РК в журн. "Таможенное дело", 2001, № 1, стр.3; Лебедев В.А., стр.407.
3. Лебедев В.А. Қаржы құқығы. Оқулық.- М.: «Статут» (серия «Ресей қаржы құқының алтын беттері»), 2000, 390-391 бб.
4. Сарсенбаев М.А.Орталық Азия мемлекеттерінің Халықаралық-құқықтық қатынастары. - Алматы: Ғылым, 1995, 135 б.
5. Лебедев В.А. Қаржы құқығы. Оқулық.- М.: «Статут» (серия «Ресей қаржы құқының алтын беттері»), 2000, 391 б.
6. Беляев.И.Д.Орыс заңнамасының тарихы. СПб., "Лань" баспасы, 1999, 581 б.
7. Е.Бекмаханов Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. КазОГИЗ, Алма-Ата, 1947, 64 б.
8. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Каз ОГИЗ, Алма-Ата, 1945, стр. 189.
9. Кисловский ЮГ. Ресей мемлекеті кеденінің тарихыИстория таможни государства Российского, М.: Автор,1995,стр.56.
10. Ағыбай батырдың естеліктерінен (Бабалар сөзі).
- 11.Кусаиынулы К. Читая документы о казахстанско-российских от ношениях в X/Ш-XIX веках. Алматы: Данекер, 2001, стр.57.
12. Нестеров Ф.Ф. Связь времен. - М.: Мол. гвардия, 1987, стр. 101.

## **ЖАРМА Өңіріндегі Жарықтас Қорымында Жүргізілген Барлау Және Қазба Жұмыстарының Нәтижелері**

**Үмітқалиев Ұ.Ұ.**

т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
археология және этнология кафедрасының меңгерушісі

**Нығманбекова Қ.М.**

Семей қаласы №17 мектеп-гимназия,  
тарих пәнінің мұғалімі

Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Жарықтас елді-мекені жанында орналасқан б.з.б. VIII – V ғғ. мерзімделетін сақ қорғандарын зерттеу. Зерттеуге жоспарланған қорым екі әртүрлі Алтай және Сарыарқа табиғи-климаттық зоналарының түйіскен жерінде орналасқан.

Бүгінгі күнге дейін Шығыс Қазақстанның қазіргі әкімшілік территориясына қарасты өлкелердің үлкен зерттеулерінің дені Алтай, Тарбағатай өлкелерінде және Ертіс маңы ескерткіштеріне жасалды. Шығыс Қазақстан жері үлкен әкімшілік аймақ саналғанымен оның өзіндік географиялық ерекшеліктерге ие сан түрлі ландшафта қалыптасқан аймақ. Ол мәселен Ертіс өзенінің Алтай беті мен Тарбағатай беті немесе Тарбағатай тауының оңтүстігі Жетісу жерінің географиялық климатына жақын болып келеді. Ал біздің

зерттеулерімізге арқау болғалы отырған Жарықтас ескерткіштері Шығыс Қазақстанның орталық аймағы, қазақтың ұсақ шоқылығының басы Шыңғыстаудың шығыс жартысы өзіндік климаттық ерекшелікке ие аймақ.

Олай деуге негіз болатын Шыңғыстау жотасы Алтай, Тарбағатай тау жүйесінен бөлек өзіндік сипатқа ие өлке. Себебі Шыңғыстау өлкесі ықылым замандардан бері көшпенді мал шаруашылығына қолайлы, қысы қар жатпайтын мал жайылыммен шығатын қолайлылығымен бірге, жазы қоңыр салқын болып келеді. Бұл нағыз көшпенді мал шаруашылығына негізделген көне сақ қоғамы үшін қолайлы өлке болғаны анық. Оңтүстігінен Балқаштан 300 шақырым, батысынан Қарқаралыдан 300 шақырым, солтүстігінен 200 шақырым Ертістен жұтаған мал Шыңғыстауды паналап тоқтайтыны да осының дәлелі.

Халық даналығында «Шыңғыстың құты да жел, жұты да жел» деген тәмсіл бар, бұл да тегін айтылмаса керек.

Кез келген қоғамда өз тіршілігіне қолайлы өнімді еңбек пен аз қимылды қажет еткен. Сол себепті Шыңғыстау жотасы да жылқы шаруашылығына негізделген сақ қоғамының элитарлы тобы мекендеген қасиетті мекен.

Оған дәлел осы Шыңғыстау өлкесіндегі біздің барлау жұмыстарымыз нәтижесінде табылған Қырықкүңгір, Доғалаң, Қаспаққатын, Әлпейіз, Ожардың қарасуы, Ұзынбұлақ, Арқат, Бесқорым, Қырықоба сияқты сақ дәуірінің элитарлы обалары. Өз кезегінде мұндай қорымдарды зерттеу таулы және далалық зоналардың мәдениеттерінің байланысының маңызын көрсетеді. Сонымен қатар бұл аймақта ежелгі металл өңдеу мәдениеті жоғары дамығандығын атап көрсеткен жөн. Металл өңдеу мәдениеті мен мол металл қорларына иелік еткен сақ тайпаларының өз кезегінде жоғары дәрежедегі мәдениет қалыптасуы мен бірге ірі сауда экономикалық байланыстардың болғандығын және соның негізінде мемлекеттіліктің алғы шарттары қалыптасты дей аламыз.

Бұл дегеніміз ірі тайпалық бірлестіктерінің болуы мен бірге қоғамда әлеуметтік жіктелістің болуын және ірі иерархияның болғандығын көрсетеді. Бұл сөзімізге дәлел бола алатын әр түрлі көлемдегі сақ патша обаларының топтаса орналасуы мен белгілі бір ансамбль құрай отырып тізбектелуі. Әртүрлі көлемдегі сақ дәуірі ескерткіштерінің топтаса орналасуы мен оның ішкі құндылығына байланысты сан түрлі пікірлер мен зерттеулер жасалуда. Алайда олардың құрылысы мен жалпы кешеніне қарай отырып сақ қоғамының дүниетанымына терең бойлайтын талпыныстар жасалған жоқ.

Осы мақсатта Шығыс Қазақстанның Солтүстік Балқаш маңымен және Орталық Қазақстанның кең жазықты қыраттарымен ұштасатын өлкелердегі ірі обаларды зерттеу маңызды болып отыр.

Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданындағы, Аршалы селолық округіне қарасты Жарықтас қорымына барлау жұмыстары жүргізіліп, топографиялық жоспары жасалады. Жарықтас қорымы Жарықтас ауылының оңтүстік-батыс жағында орналасқан. Қорым орналасқан жазықты қырат жалпы көлемі 30 шаршы шақырым аумақты алып жатқан төбелі белес. Қорым орналасқан Жарықтас жазығының көлемі батыстан шығысқа қарай 15 шақырым. Айналасын жұмыр тасты әр түрлі тау биіктері қоршаған, тек оңтүстік-шығыс жақ беті ашық болып келген. Айналасын қоршаған таудың жұмыр тастары көне құрылысты салуда өте тиімді қызмет атқарған деп айтуға болады. Сонымен қатар жазықты қыраттың солтүстік шығысы мен солтүстік-батысына қарай бұлақтар мен қайың өскен өлкелі алқаптар алып жатыр.

Жарықтас кешенді ескерткішінде 2018 жылдың қазба маусымында сақ кезеңінің 2 обасын және 1 ғұрыптық-құрбандық шалу ескерткіштерін зерттеу, мұрағаттық және далалық деректердің кең көлемін жалпылау негізінде ежелгі көшпелілердің дүниетанымын ашып көрсету. Ежелгі өнерді және көркем мәдениетті толық сипаттауға мүмкіндік беретін аң стилінде және полихромдық стильде жасалған жаңа артефактілер алу, артефактілерді сақтау және қалпына келтіру, далалық археологиялық зерттеулер кезінде және аяқталған соң сақ тайпалары көсемдерінің обаларының алғашқы көрінісін теориялық қалпына келтіру, ағашты,

сүйекті, мүйізді, металлды және т.б. ежелгі өңдеу технологиялары бойынша жаңа мәліметтерді ғылыми айналымға енгізу. Қазақстанның мәдениеті мен ғылымын насихаттау мақсатында алынған материалдарды ел ішінде және халықаралық көрмелер ұйымдастыруда пайдалану, Шығыс Қазақстанның өткен тарихына арналған қоғамдық-танымал және ғылым мақалаларды дайындау және жариялау, нақты археологиялық материалды талдау әдісімен жерлеу ғұрпының, салттың, наным-сенімнің және қоныстардың, тұрақтардың және шаруашылық-мәдени типтің тарихитопографиясының өзгеруі айқындалады, археологиялық материалды камералдық өңдеу және ғылыми есепті дайындау, Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша есепті өткізу толыққанды зерттеулеріміздің негізгі бағыттары десек болады.

#### *Барлау жұмыстарының нәтижелері*

Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Аршалы ауылдық округіне қарасты Жарықтас кешеніндегі ескерткіштер Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің археолог ғалымдарының барлау жұмыстары нәтижесінде 2017 жылы табылған болатын. Барлау жұмыстары кезінде Аршалы ауылынан Жарықтас ауылына бағытталған тас жолдың оң жақ бөлігінде, Аршалы ауылынан 7 км қашықтықта орналасқан үш сақ обасы, Жарықтас ауылының жанында орналасқан ерте темір дәуірі мен түркі дәуірлеріне тән ескерткіштер анықталды.

Барлау жұмыстарының нәтижесінде Жарықтас ауылының маңында орналасқан Жарықтас I қорымында 1- патша қорғаны, 4 орта көлемдегі қорған және 1 кіші көлемдегі қорғандардың, сонымен бірге 1 түркі дәуіріне тән ғұрыптық ескерткіштің жоспары жасалды. Сонымен бірге Жарықтас ауылынан батысқа қарай 2 км қашықтықта Аршалы-Архат тас жолының бойында 4 кіші сақ қорғаны, 1 сегіз тас ғұрыптық орны анықталды. Одан бөлек Жарықтас ауылының оңтүстік-батыс жағында христиан мазарынан 500 м қашықтықта 1 сақ обасы орналасқан. Жалпы Жарықтас аулы маңында орналасқан ескерткіштерді екі топта жіктеуге болады. Біріншісі ерте темір дәуіріне тән обалар, екіншісі ғұрыптық орындар. Барлау жұмыстары мен зерттеу жұмыстарының нәтижесінде аймақтың топографиясы мен картасы жасалды. Барлау жұмыстары нәтижесінде қазба жұмыстары жүргізілетін нысандар анықталып алынды.

Аймақ Аршалы ауылынан солтүстік-батысқа қарай бағытталған Аршалы-Архат тас жолының бойында орналасқан. Тас жолдың оң жағы және сол жағының барлығы аласа таулар тізбектеле созылып жатыр.

Шығыс Қазақстанның Жарма Шыңғыстау өлкелерінде барлау жұмыстары әлі де жалғасын табуда. Алдағы маусымдағы қазба жұмыстары мен барлау жұмыстарының нәтижелері біздің бұл ақпараттарымызды әлі де толықтыра түседі деген сенімдеміз.

#### *Жарықтас қорымындағы қазба жұмыстарының нәтижелері*

2018 жылдың жазғы маусымында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Археология және этнология кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент Ұ. Үмітқалиевтің жетекшілігімен зерттеу тобы Шығыс Қазақстан облысы, Жарма аудан-әкімшілігінің қолдауымен Аршалы ауылынан батысқа қарай 36 шақырым жерде орналасқан Жарықтас қорымында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді.

Жарықтас қорымы Аршалы-Архат тас жолы бойында, Жарықтас ауылының оңтүстік батысында 200 метр қашықтықта оңтүстіктен-солтүстікке қарай тізбектеле орналасқан патша қорымдарымен ерекшеленіп тұрады. Оңтүстік-солтүстік бағытта 4 сақ қорғаны және сол тізбектің жанында екі сақ обасы тізбек бойымен тұрғызылған (1-сурет).

#### **№1 оба.**

Қорымның оңтүстігінде диаметрі 60 метр, биіктігі 5 метрді құрайтын үлкен патша обасы орналасқан. Оба топырақ аралас тастан үйілген, ортасында шамамен диаметрі 10 метр көлеміндегі шұңқыр орны бар. Бұл шұңқыр орнының тереңдігі 1,5-1,8 метрді құрайды. Обаның құрылысына пайдалану үшін топырақ алынған айналдыра қазылған ор іздері анық көрініп жатыр. Орлардың орташа көлемдері ұзындығы 30 метр, ені 20 метр құрайды.

#### **№2 оба.**

Бірінші обадан 80 метр солтүстікке қарай №2 оба орналасқан. Диаметрі 32 метр, биіктігі 3 метр. Аталған оба да топырақ пен тас үйіндіден тұрады. Ортасындағы тонау ізі болуы мүмкін шұңқыры шығысқа қарай жайыла орналасқан. Обаның сыртында айналдыра қазылған ор бар.

**№3 оба.**

Екінші обадан 60 метр солтүстікке қарай №3 оба орналасқан. Обаның диаметрі 28 метр, биіктігі 2 метр. Жоғарыда көрсетілген обалар секілді ортасында шұңқыр ізі байқалмайды. Құрылысы тас пен топырақтан тұрғызылған. Айналдыра қазылған шұңқыр орындары анық көрініп жатыр.

**№4 оба.**

Тізбектің соңғысы № 4 оба үшінші обадан 20 м солтүстікке қарай жатыр. Диаметрі 28 метр, биіктігі 1,7 метр. Аталмыш оба да тас пен топырақтан үйіліп, сырты айналдыра ор қазылған.

**№ 5 оба.**

Жоғарыда көрсетілген обалар оңтүстіктен солтүстікке қарай бір тізбек бойында орналасса, № 5 оба тізбек бойымен қатарласа № 2 обаның батысында 20 метр қашықта орналасқан. Обаның ортасында шамамен 3x3 метр көлемдегі шұңқыр орны бар. Айналдыра қазылған ор ізі байқалмайды. Тиісінше обаны айналдыра қоршау ретінде үлкен тастар қоршап жатыр.

Сондай-ақ, Жарықтас қорымында патша обаларынан өзге кіші обалар да орналасқан. № 1 обадан оңтүстікке қарай диаметрі 16 метр, биіктігі 30-40 сантиметр құрайтын тоналған екі оба қатар жатыр. Аталған екі обадан оңтүстікке қарай 200 метр қашықтықта диаметрі 16 метр, биіктігі 70 сантиметр оба болса, оның батысында диаметрі 20 метр, биіктігі 80 сантиметр құрайтын кіші обалар орналасқан.

Сонымен қатар № 1 обадан батысқа қарай 100 метр қашықтықта ұзындығы 4 метр, ені 2,5 метр құрайтын тік тастардан тұрғызылған түркі дәуірінің қоршау ескерткіші анықталды. Қоршауға жалпақ тастар айналдыра қойылып ортасы ұсақ тастармен толтырылған.

**№1 қазба.**

Жарықтас қорымындағы 2018 жылғы қазба маусымы кезінде зерттеу тобы шілде-тамыз айларында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бірінші нысан ретінде № 4 оба таңдалып алынып, қазба жұмыстары басталды (2,3-суреттер). № 4 обаның диаметрі 28 метр, биіктігі 1,7 метр. Оба тас пен топырақ араластырып үйілген. Обаның қазбаға дейінгі көрініс бойынша обаның бетін топырақ пен шөп жабындысы көмкеріп жатты. Обаның беткі қабатында солтүстігі мен шығыс бөліктерінде үлкен тастар көрініп жатты. Орта бөлігінде 3x3 метр шамасында сары топырық екендігі анықталды. Қорғанның сырты айналдыра ор қазылған, тек шығыс бөлігінде 4 метр аралығына ғана ор қазылмаған (2-сурет).

Қазба жұмыстары қорғанның шым қабатын аршудан басталды. Обаның беткі қабаты топырақтан тазартылып толық аршылғаннан кейін ескерткіштің сыртқы құрылысы анықталды. Қазба нәтижесі көрсеткендей, оба негізгі 4 бөліктен тұрады: обаның ортаңғы бөлігі ірі жұмыр қызыл тастармен (орташа көлемдері – 30x25x20 сантиметр), одан кейін таудың ұсақ көк тастарымен көмкеріліп, етегі айналдыра ірі қызыл жалпақ тастармен бекітілген. Обаның сырты айналдыра тік плита тастар қойылып қоршалған. Қоршау тастарының көлемдері 30x50x10 сантиметр. Қоршау мен оба жиегінің арасы 1 метр.

Қазба обаны 4 секторға бөліп, шығыс бөлігіндегі А секторының үйіндісін тазарту жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде орта бөліктен қабір дағы көріне бастады. Сондай-ақ, қабір дағының айналасында үйілген сары топырақ, яғни қабір шұңқыранан шыққан топырақ үйіндіні аңғаруға болады. Қабір орнын толықтай анықтау үшін обаның ортасын 4x4 метр көлемде төртбұрышты етіп кеңейтіліп қазылды. Қабір құрылысының шетін айналдыра жатқызылып қойылған плита тастары топырақтан тазартылды. Материкке дейінгі топырақ аршылғаннан кейін қабір шұңқырының ұзындығы 4 метр, ені 3 метр кеңдікті сопақша пішінде екендігі анықталды. 1,5 метр тереңдікте қабір шұңқырының беті жатқызылған жалпақ тастармен толықтай жабылғандығы анықталды. Жалпақ тастардың орташа көлемдері

1x0,5 метр, 0,9x0, 6 метр. Тастар алынғаннан соң, бір қабат топырақ аршылып, 2 метр тереңдіктен қырлы жалпақ тастарды тігінен қою арқылы тұрғызылған ішкі қабір шұңқыры көрінді. Ішкі қабірдің көлемі ұзындығы 3 метр, ені 1,3 метр пішіні төртбұрышты. Қабірдің беті көлденеңінен жалпақ тастармен жабылған. Шығыс жағындағы тастары ұсақталып ретсіз орналасқан. Бұл аймақ тонаушылар ізі болуы ықтимал. Қазба жұмыстарының нәтижесінде алтыннан, тастан және сүйектен жасалған әртүрлі әшекей бұйымдар мен қару-жарак қалдықтары табылды. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде №4 қорғанның толық конструкциясы анықталып сызбаға түсірілді. Қорғанның құрылыс ерекшелігі анықталды. Сонымен бірге қабір шұңқырының өзгешелігі анықталды. Қорғанның тоналғандығы себепті жоғарыда аталған заттардан басқа артефактілер табылған жоқ.

Жарықтас I қорымында орналасқан қорғандардың құрылысына тоқталатын болсақ. Обаны тұрғызу мақсатында бірінші кезекте қабір шұңқыры қазылып алынды. Қабір шұңқырының тереңдігі біз қазған ескерткіштерге қарап 1,5-2,5 метр аралығында деуге болады. Қазылған №4 қорғанның қабір шұңқыры қазылып болғаннан соң, адамды жерлеу үшін тас жәшік тұрғызылған. Бұл тас жәшіктің тастарын Жарықтас ауылының жан-жағын қоршап жатқан таулардан алып келген. Тас жәшікті тұрғызған тастардың көлемі орташа есеппен 60x30x10 сантиметр. Оларды таудан жазықтың орта тұсына дейін тасымалдау үшін үлкен күш қажет еткендігін байқауға болады.

Қабір шұңқырын 50-60 сантиметрге дейін ірі тастармен толтырған, қалған бөлігін топырақпен үйген. Бірінші кезекте қорғанды ірі сары тастармен үйген, одан кейін қорғанның беткі қабатын шақпақ тастармен үйген. Ең соңында үйілген тастар төменге сырғанап кетпеуі үшін жалпақ плита тастар тігінен тұрғызылған. Қорғанды тұрғызуға пайдаланған топырақты қорғанның айналасын ор қазу арқылы алған. №4 обаның жалпы жоспары мен кескіні қағаз бетіне түсіріліп алынды.

Жарықтас қорымы №4 қорғанна табылған заттарға тоқталатын болсақ.

**Жебе ұшы.** Көшпелілер қоғамында садақ және жебе ең негізгі қару рөлінде болған. Бұл қаруды соғыс заманында жауды өлтіру үшін пайдаланса, тыныштық заманында аң аулауға қолданған. Және дүниеден өткен адамды жерлеген сәтте оның қасына қару жарақтарын бірге көміп отырған. Соның бір көрінісі ретінде Жарықтас қорымындағы №4 қорғаннан табылған жебе ұшы. Қоладан жасалған жебе ұшының ұзындығы 2 сантиметр, бүйір қабырғасы 1 сантиметр. Жебе ұшы үш қанатты болып келеді. Жебе ұшы табиғи эрозияға ұшыраған. Бастапқы кездегі жебе ұшының көрінісі басқаша болған. Екі жағы эрозияның әсерінен үгітіліп кеткен. Бұндай жебе ұштары ерте темір дәуіріне тән.

**Тас моншақтар.** Әртүрлі асыл тастардан жасалған моншақтар сол кезеңдегі адамдардың талғамының жоғары екендігін айқындайды. Моншақ әртүрлі асыл тастардың соның ішінде – көгілдір ақық, анартас, жылтыртас секілді тастарды түрлі құрал-саймандарды пайдалана отырып, өңдеп жасаған. Моншақтардың пішіндері әртүрлі. Моншақтарды жіктейтін болсақ: дөңгелек, цилиндр және шар тәріздес болып келеді. Ең үлкендерінің ішінде анартастан жасалған, пішіні цилиндр тәрізді моншақты атап өтуге болады. Оның радиусы 5 миллиметр, биіктігі 5 миллиметр. Ал, ең кішкентай моншақтастың біріне көгілдір ақықтан жасалған, пішіні цилиндр тәрізді тасты айтуға болады. Оның радиусы 1 миллиметр, биіктігі 2 миллиметр.

Ертедегі адамдар асыл тастардан жасалған әшекей бұйымдарды жоғарғы деңгейде бағалаған. Ол тастарда белгілі бір табиғат күштері жасырынған деген сенімді ұстанған. Сондықтанда асыл тастардан жасалған моншақтар кең көлемді қолданыста болған.

### №2 қазба.

Қазба жұмысының екінші нысаны ретінде №1 қазбадан 50 метр оңтүстік батысқа қарай орналасқан қазбаға дейінгі диаметрі 18 метр, биіктігі 30 сантиметр кіші оба таңдалып алынды. №6 қорғанның қазбаға дейінгі көрінісі: қорғанның беткі қабаты тас және шым қабаттарынан тұрады. Беткі қабатын майда шөп басқан. Қорған көлемі жағынан жалпақ шеңбер тәрізді. Қазба бірінші кезекте топырақ жабындысын аршудан басталды. Топырақ жабындысынан тазарту жұмыстары жүргізілгеннен кейін, обаның тас үйіндісінің диаметрі 16

метр екендігі анықталды. Жалпы оба бетінде үйілген тастардың көлемі әрқелкі. Обаның орта тұсына дейінгі аралығы көк тау тастары үйілген, ол тастардың көлемі 10x5x7 сантиметрді құрайды. Орта тұсында 3x3 метр көлемде топырақ араласқан тас үйіндісі кездесті. Орта тұсында кездескен тастардың көлемі 30x20x15 сантиметр. Қорған толығымен тазаланып, топырақтан аршылғаннан соң қабір дағының орны көрінді. Қабір дағының пішіні сопақша, ШБ бағытта 1,8 – 1,2 метр көлемде созылып жатыр. Қабір шұңқырын тазарту кезінде, қабір іші таспен толтырылғандығы белгілі болды. 1 метр тереңдіктен қабірдің шығыс бөлігінен тігінен тұрғызылған тастар көріне бастады. Бұл тастардың орналасуы ерекше. Тастар қабір шұңқырының солтүстік-шығыс жағында орналасқан. Тастардың көлемі әрқелкі, ең кішісінің көлемі 30x20x10 сантиметр, ал ең үлкендерінің көлемі 60x25x20 сантиметр. Осы тереңдікте адам қаңқа сүйектерінің сынған бөліктері кездесіп отырды. Қабір шұңқырының ұзындығы 2,6 метр, ені 2 метр, тереңдігі 1,6-1,5 метр тереңдікке дейін қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмыстары барысында адам сүйегінің қалдықтары табылды. Одан басқада артефактілер табылған жоқ.

№6 қорғанға жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде қабір шұңқыры қазылып ұзын тастармен беткі жағын жапқандығын байқаймыз. Қабір шұңқырын қазып, адамды жерлеп болғаннан соң, сол кездегі жердің беткі қабатына дейінгі көлемді топырақпен толтырған. Жер бетіне дейін топырақпен толтырып, кейінгі кезеңінде қорғанның бетіне ірі сары тастарды үйген. Ал, қорғанның шет жағында айнала шақпақ тастар үйілгенін көруге болады. №6 обаның жалпы жоспары мен кескіні қағаз бетіне түсіріліп алынды.

### **Ғұрыптық ескерткіштер**

#### **№3 қазба.**

Үшінші қазба нысаны ретінде № 1 обадан батысқа қарай 100 метр қашықтықта орналасқан, ұзындығы 4 метр, ені 2,5 метр құрайтын тік тастардан тұрғызылған түркі дәуірінің ғұрыптық қоршау ескерткіші таңдалып алынды (4-сурет). Қоршауға жалпақ тастар айналдыра қойылып ортасы ұсақ тастармен толтырылған. Жалпақ тастар О-Ш және С-Б бағытында орналасқан. Жалпық тастардың жалпы саны төртеу. Ескерткіштің қазба жұмыстарына дейінгі көрінісі: ескерткіштің жалпы биіктігі 10-15 сантиметр аралығында, беткі қабаты тас және шым қабаттарынан тұрады. Беткі қабатын ұсақ шөп басқан. Ескерткіштің оңтүстік жағында биіктігі 30-40 сантиметр құрайтын көк майса шөп өсіп тұр.

Қазба жұмысы бірінші кезекте ескерткіштің шым қабатын аршудан басталды. 10 сантиметрді құрайтын шым қабатын аршып алғаннан соң ғұрыптық орынның барлық ерекшелігі анықталды. Сонымен бірге ескерткіштің бетінде жатқан тастардың барлығын тазалау нәтижесінде, ғұрыптық орынның жалпы көрінісі анықталды. Ескерткіштің жалпақ тастары орналасқан тұс пен оңтүстік жағында орналасқан тастар аралығында тастың жоқ екендігі анықталды. Ескерткіш екі бөліктен тұрады. Біріншісі жалпақ тастармен қоршалған ескерткіштің солтүстік-шығыс жағындағы бөлігі. Екіншісі ескерткіштің оңтүстік-шығыс жағында орналасқан, татар шашыраңқы түрде жатыр және бұл бөлігінде тек қана ұсақ тастар шоғырланған, үлкен жалпақ тастар байқалмайды. Ескерткіштің солтүстік батыс жағында орналасқан жалпық тастың ұзындығы 1,8 метр, ені 15-30 сантиметр аралығында. Ескерткіштің батыс жағында орналасқан жалпық тастың ұзындығы 1,4 метр, ені 15-25 сантиметрді құрайды. Ал үшінші жалпық тас ескерткіштің шығыс жағында орналасқан, ұзындығы 1,5 метр, ені 25-35 сантиметр. Сонымен бірге ескерткіштің шығыс жағында орналасқан 3-ші жалпақ тастың орта тұсында, оңтүстік шығыс бағытқа қарай созылып жатқан 4-ші жалпақ тастың ұзындығы 1,1 метр, ені 20-25 сантиметр. Бұл тас 3-ші жалпақ тастың орта тұсында, астыңғы бөлігіне кіріп жатыр. Ескерткіш тұрғызылған сәтте 4-ші тас тік тұрғызылған. Кейіннен табиғи және антропогендік жағдайлардың әсерінен бұл ескерткіш көптеген өзгерістерге ұшыраған.

Қазба жұмысының екінші кезеңі ескерткіште орналасқан ұсақ тастарды тазалаумен басталды. Ұсақ тастар толығымен тазаланып алынғаннан соң ескерткіштің екі бөлігіне де қазба жүргізілді. Ұсақ тастардың көлемі әртүрлі болып келеді. Олар 10x15 сантиметрден 30x40 сантиметрге дейінгі аралықта. Ұсақ тастар ескерткіштің орта тұсы мен




оңтүстік-шығыс жағында көптеп орналасқан. Сонымен бірге 2-ші жалпақ тастың оңтүстік-батыс жағында да ұсақ тастардың біраз бөлігі бар.


Ескерткіштің солтүстік-батыс жақ бөлігін қоршап жатқан жалпақ тастардың ішкі жағын тереңдігі 50 сантиметрге дейін қазып алынды. Ескерткіштің бұл бөлігі қазып алынғаннан соң, екінші бөлігін қазу жұмыстары басталды. Екінші бөлігін ұзындығы 1,5 метр, ені 1 метр, биіктігі 60 сантиметр құрайтын шұңқыр қазылды. Қазба жұмыстары нәтижесінде ескерткіштің жалпы көрінісі және құрылыс анықталды, бірақ та ескерткіштен ешқандай артефакті табылған жоқ. №1 түркі ғұрыптық ескерткішінің жоспары сызылып алынды.

### Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:


1. Кашкинбаев К., Самашев З. Лошади древних кочевников Казахского Алтая. – Алматы: 2005.
2. Толеубаев А.Т., Умитқалиев У.У. Результаты исследования кургана №1 могильника Шиликты – III // Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2005 жылғы археологиялық зерттеулер жайлы есеп. – Алматы, 2005. – 277-284 с.
3. Төлеубаев Ә.Т., Умитқалиев Ұ.Ұ., Жуматаев Р.С., Терекбаева Ж.М., Мусырманкул П.Б. Шілікті қорымындағы №36 ободағы зерттеу жұмыстарының кейбір қорытындылары // Маргулановские четвия – 2011. материалы международной археологической конференции. – Астана, 20-22 апреля 2011 г. – Астана; ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. 2011. – 376-381 с.
4. Бейсенов А.З., Ломан В.Г. Керамика раннесакского времени из поселения Шидертинское – 2 // Маргулановские чтения – 2011. Материалы международной археологической конференции. – Астана, 20-22 апреля 2011 г. – Астана; ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. 2011. – 405-411 с.
5. Умитқалиев Ұ.Ұ., Айтбаев А.Б., М.Педрацкий, Н.Әбдіғали. «Шыңғыстаудағы Қырықкүңгір кешенді ескерткіші» // Астана, 2018. 200 бет. – қазақша, орысша, ағылшынша, полякша.
6. Умитқалиев Ұ.Ұ., Кенжебаева Е.Ж. Ерте көшпелілердің антропологиялық –этникалық сипаты мәселелері (Шығыс Қазақстан территориясындағы ескерткіштер негізінде) // «Евразия халықтарының тарихи-мәдени мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері» ХҰ халықаралық Еуразиялық ғылыми форумның материалдары. Астана, 2018. 346-349 бб.
7. Баймағамбетова А., Умитқалиев Ұ.Ұ. «Қыш ыдыстарды реставрациялаудың маңызды мәселелері» // «Евразия халықтарының тарихи-мәдени мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері» ХҰ халықаралық Еуразиялық ғылыми форумның материалдары. Астана, 2018. 271-274 бб.
8. Умитқалиев Ұ.Ұ. «Көшпелілер дүниетанымындағы аң бейнесі: Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы территориясына жасалған экспедицияның қорытындылары. // Үлкен Алтай әлемі халықаралық ғылыми журнал. 4(1) 2018. 152-166 бб.




1-сурет. Жарықтас I қорымының жалпы жоспары



2-сурет. №4 оба. Жоспары мен кескіні



3-сурет. №6 оба. Жоспары мен кескіні



4-сурет. №1 ғұрыптық орын. Жоспары мен кескіні